

2018 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 қазандағы № 187 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 қарашада № 7307 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қарасу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарасу ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратады.

Аудан әкімі

В. Ионенко

Әкімдіктің

2017 жылғы 19 қазандағы

№ 187 қаулысына қосымша

2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері

№ р/с	Ұйымның атауы	Ұйымдағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квота мөлшері жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімде	Жұмыс орындарының саны
1.	"Ключевое" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	151	0,7%	1
2.	"ЕЛЕНА - Л" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	92	1,1%	1

